

Бет аймағына жасалатын операциялар :кесу,  
жасау, жарақатқа бірінші реттік өндөу жасау.  
Мәндай және гаймор қойнауларын ашу.

# Гайморит

- Гайморит - мұрынның екі жағында орналасқан гаймор қуысының қабынуы. Бұл ауру, әсіресе, күз-қыс айларында тұмаудың асқынуынан дамиды. Оның белгілері - бас ауырады, мұрынмен дем алу қындалап, одан қою сұйықтық ағады, қысқаша айтқанда, ауру асқынып кетіп, дene қызуы жоғарыласа, онда гаймор қуысын рентгенге түсіріп, «пункция» жасату керек. Егер сырқаттың жағдайы жақсы болып, жоғарыдағы ауру белгілері болмаса, онда гаймор қуысын инемен теспей, қарапайым жолмен (аппаратпен) жуып, дәрі жіберіп емдесе, ол жазылып кетеді. Бұл әдіс «кукушқа» деп аталады. Сонымен қатар физиотерапевтикалық ем қабылдаса, ауру тез айығып кетеді.

# Жақ-бет аймағындағы ақаулар мен деформациялар

- 
- Бет сүйегі жарақаттары мен ауруларының ішінде ең көп кездесетіні тәменгі жақ сүйегінің жарақаты мен аурулары және оның көбісі сүйек тінінің ақауымен қатар жүреді.
- Ең алғаш бет-жақ аймағы хирургиясында тәменгі жақтың алдыңғы бөлігіндегі атпен Zarry жазған. 1893 жылы clod Martin каучук протезін ұсынды. 1954 жылы Л. М. Обухова, сонаң кейін Н. М. Михельсон 1956 жылы амелобластоманың салдарынан тәменгі жақты резекциялаудан кейін пластмасс имплантантпен ақауға пластикалық операция жасады.
- Бет-жақ аймағындағы қалпына келтіру хирургиясының қазіргі жетістіктері көп жағдайда консервіленген (консервированные) тіндерді пайдалануға байланысты.

# Бас қаңқасы деформацияларының жіктелуі

- 
- Іштөн туған деформациялар:
- I. Тератогенді факторлар әсерінен болған, жырық, әр түрлі дискраниялар, краниостеноздар, 1—2 желбезек доғасы синдромдары, жақ дисплазиясы, іштей туған жарақаттар. 2. Дәлелденген хромосомды аурулар.
- II. Жүре пайда болған деформациялар.
- 1. Эндокринді және зат алмасу; 2. Қызмет атқару бұзылуы әсерінен; 3. Жарақаттан кейінгі; 4. Қабыну және инфекциялық агенттердің әсерінен; 5. Сәулелендіру салдарынан.

- Орналасуына қарай:
  1. Тіс альвеолдық;
  2. Гнатикалық;
  3. Жалпы бас қаңқалық.
- Қалыптан ауытқуы үлкендігіне, пішініне және жақтың жағдайына, олардың бір-біріне қарым-қатынасына байланысты болуы мүмкін. Осыған орай бет қаңқасының деформациясын 5 түрге бөледі:

- 2.1 Бет қаңқасы деформациясын емдеудің негізгі қағидалары**
- 
- Емдеудің негізгі мақсаты анатомиялық және функционалдық бұзылуларды жою. Бұдан басқа психикалық сауығуды қамтамасыз ету. Соңғы 10 жылда бет қаңқасының ақауы бар науқастарды емдеу айтарлықтай өзгерді. Емдеу жоспары мамандар тобымен қурылады: хирург, анестезиолог, реаниматолог, ортопед, ортодонт, нейрохирург.**
- Осыдан басқа көпшілік жағдайларда ЛОР — мамандар, невропатологтар, окулистер, логопедтер, психоневрологтар, эндикринологтар қатыстырылады.**

- **2.2 Туа пайда болған деформацияларды өмдеу**
- 
- Бұл бұзылыстар, краниостеноздар бас қаңқасы мен бет қаңқасының диастоздарын өмдеудің негізгі қағидалары беттің ортаңғы аймағының гипоплазиясын өмдеуге негізделген.
- Жоғарғы прогнатияны қалыпқа келтіру. Жоғарғы прогнатия терең тістесумен бірігіп келгенде (1968) Н. Коле 1-ші премолярларды екі жағынан жұлып, тандайдың ортаңғы сызығымен медиальды тілік жасап, альвеольды өсіндінің алдыңғы бөлігіне остеотомия жүргізген. Қатты тандайды 2 см-ге дейін бордың көмегімен тесіп, резекциялаған. Сүйек фрагменті жоғары және артқа жылжып, шырышты қабатқа тігіс салып, тістерге құрсау салу арқылы бекіткен.

## □ 2.3 Төменгі прогнатияны қалпына келтіру.

- *Төменгі жаңтың альве-олды өсіндісіндеғі операциялар.*
- Американдық хирург I. Hylliren 1848 жылы тістесу ауытқуының біріккен формасы бар науқастың төменгі альвеолды өсіндісінің фронтальды аймағына екіжақты сына тәрізді резекция жасаған. Операция премолярларды симметриялы жүлумен жалғасқан. Мұндай операция алдыңғы тіс қатарының тістесуінің болмауы кезінде ғана жүзеге асырылады. Кейін 1928 жылы Е. Е. Бабицкий бұл операцияны жаңартып жүргізген, бірақ кең түрде қолданыла қоймады.

- *Төменгі жақ денесіндегі операциялар...*
- 
- 
- **З Жақ-бет аймағын қалпына келтіру хирургиясы**
- 
- Қалыпқа келтіру хирургиясы ақаулар мен деформацияларды жоюмен айналысатын хирургияның бір тармағы. Сонымен қатар қалпына келтіру хирургиясы косметикалық хирургия деп те аталады.
- 
-

### **3.1 Қалпына келтіру операцияларын жоспарлау.**

Беттің, жақтың және ауыз қуысы ағзаларының ақаулары мен деформациялары әртурлі аурулардың әсерінен болады. Олардың ішінде ауыр қабыну, жаралы-өлеттектен процестер, инфекциялы аурулар (сүзек, жегі) жарақаттары, әртурлі ісіктеге байланысты жасалған операциялардан кейін, тау пайда болған ақаулар. Қалпына келтіру операцияларын жоспарлау ақау мен деформацияның көлемі мен түріне байланысты.

## **□ 3.2 Жергілікті тіндермен жасалатын пластика**

- 
- Жергілікті жасалатын пластикалық операцияларды үш түрге бөлуге болады:
  - 1) тыртықты кесіп алып, тіндерді бір-біріне жақындату; 2) тіндерді тіліп арасын ашу (сабақшаны тігу немесе теріні еркін көшіру); 3) тіндерді қарсы алмастыру (әртүрлі пішіндегі қиықтармен жасалатын пластика).
  - Қарсы орын ауыстыру тең қабырғалы үшбұрышты қиықтарды жылжытып пластика жасауға негізделген. Орын ауыстырған кезде жара шеттерінің ұзындығы дәл келу керек.

### **3.3 Қоректік аяқшасы бар қызықпен пластика жасау.**



Ақаудың айналасындағы тіндер жергілікті пластика әдісіне жарамсыз болса, айналасынан немесе алшақ аймақтардан қоректі өзегі бар қызықтар арқылы пластикалық операциялар жасалады. Бұл пластиканың екінші тәсілі. Біраяқшалы қайырылған, екіаяқшалы қайырылған, екіаяқшалы көпір тәрізді, қосқабатты артериялы, жасырын тамыр аяқшалары бар қызықтар деп бөлінеді. Қызық операциядан кейін өліп қалмас үшін оның ұзындығының еніне қатынасы 3 : 1 тең болуы керек. Оның өмір сүруіне дұрыс сыдырып іреудің маңызы зор. Және ол тым қатты тартылуы не бос қалмауы керек. Пластика жасаған кезде физиологиялық тартылу болуы тиіс. Егер бұл жағдай тудырылмаса қоректік тамырлары тарылып, қан келуі нашарлап өлеттенуі мүмкін.



## **3.5 Филатовтың сабақшалы қырығымен пластика жасау**

- 1916 жылы бет тіндерінің ақауын жамау кезінде В. П. Филатов пластикалық хирургияда теріасты клетчаткасына қоса алынған тері қыындысын түтік тәрізді орап теріні көшіру әдісін ұсынды.
- Ақау аумағында бұл түтікшені жазып беттің ақауын қалыпқа келтіреді. Алғашқы рет В. П. Филатов мойында жоғарыда аталған тері түтігін жерілікті жансыздандыру арқылы бүгіп, қабак ақауын жамау үшін қолданған.
- Филатов сабақшысын жетілдіру үшін В. П. Филатовтың өзінің, Б. Е. Франкенбергтің, А. А Лимбергтің, М. П. Шефтельдің 20 жуық әртүрлі модификациялары ұсынылды. Сонымен қазір Филатов сабақшасының үш түрі бар: 1) Екі аяқшасы бар кәдімгі сабақша (чемодан түтқасы секілді);

## **6 Тіндерді еркін көшіру**

- Бет қаңқасы мен жумсақ тіндерінің ақауларын қалпына келтіру үшін хирургиялық стоматологияда тіндерді еркін көшіру кеңінен қолданылады.
- Еркін қөшірудің 5 түрі бар. 1) аутогенді өз тіндерінен; 2) синогенді генетикалық жағынан бір организмнен алынатын тін; 3) аллогенді осы тәрізді организмнен алынады; 4) ксеногенді — бөтен түрдегі организмнен алынған тіндер; 5) өлі материалдарды ендіру — имплантаттар егер олар тінге түгелдей енсе, тінге жартылай ендірілсе, эксплантаттар деп аталады.

□ Бітісіп кетуі жағынан ең тиімдісі — аутопластика. Себебі организмнен алынған тін бірден жойылып кетпей белгілі бір уақыт өзінің өмірін сақтайды. Жаңа орынға отырғызылғаннан кейін ол өзінің өмірін сақтап қана қоймай, отырғызылған жерге бітіп кетеді. Пластиканың бұл тәсілі аутопластикалық материалдың аздығына байланысты жиі қолданылмайды және оны алу кезінде науқасқа қосымша жарақат жасалады.

### **3.7 Жақтардың сүйек пластикасы.**

- Жақ сүйектері пластикасының әсіресе төменгі жақтың, өзінің қыыншылығы бар.
- Бұл келесі ерекшеліктерге байланысты:
  - 1) Бұл қозғалмалы сүйек және әртүрлі қызметтерге қатынасады. Мысалы: сөйлеу, тыныс алу, шайнау, ымдау.
  - 2) Оның қозғалысы күрделі: шарнирлі және кері қайтарылуши.
  - 3) Жақта тістер орналасқандықтан олар сыртқы ортамен қатынаста. Сондықтан осы жерлердегі патологиялық процестер (жарақаттар, қабыну, ісіктер) операциядан кейінгі ағымын ауырлатады.
  - 4) Жақтардың эстетикалық орны.
- Сүйек пластикасы негізінен төменгі жаққа жасалады. Жасалу уақытына байланысты алғашқы және екінші сүйек пластикасы деп белінеді.


## □ 3.8 Аралас трансплантаттарды еркін кешіру

- Аралас трансплантаттар дегеніміз тұтас күйінде бірге отырғызылатын әртүрлі тіндерден тұратын трансплантат. Оған мұрынның қанаты мен ұшын, құлақ қалқанының бір бөлігімен пластика жасау әдісі мысал бола алады. Алғашқы рет мұндай пластиканы 1 8 9 8 ж. К. П. Суслов жасады.
- Беттің және жақтың ақаулары мен деформациялары өзінің себептеріне қарай әртүрлі болғанымен пішініне қарай бірдей болады. Сондықтан оларды пластиканың жалпы қағидаларына қарай: жергілікті тіндермен, аяқшасы бар қыықпен, Филатов сабақшасымен, теріні еркін көшіру, және толық қабатты аутотранспланттармен қалпына келтіреді.

## 3.9 Ауызмаңы аймағының пластикасы

- Жоғарғы және төменгі еріннің ақаулары жартылай және түгелдей деп бөлінеді. Қызыл жиегіндегі кішкене ақауларды шырышты қабықты жылжыту арқылы орнына келтіруге болады.
- Ауыз қуысының айналасындағы тыртықтану процестерінің салдарынан тарылыш микростомия дамиды. Ондай деформацияның үш тәсілмен қалыпқа келтіреді.
- 1) И. Г. Лукомский әдісі. Ауыздың бұрыш аймағының зақымданбаған терісінен түбін ұрт аймағына қаратып төрт бұрыш қыықтар қыллады. Одан кейін осы қылған тері қыықтары ауыздың ішіне қарай қайырылып, шырышты қабықпен тігіліп тасталады. Мұндай операциялар тек әйелдерге жасалады. Егер қыық қифан аймақта сақал немесе түк болмаса ерлерде де жасалады.

- Одонтогенді гаймориттің ка-зіргі кезеңдегі емінің негізгі ұстанымы - жиі асқынулар тудыратын гаймо-ротомия операциясын, реті келсе жасамауға тырысу (Г.В. Кручинский және т.б., 1998). Гайморитпен ауырған науқастарды тек операциялық жолмен ғана айықтыруға алуға болады деген ұғым, бұл күнде ескіргенге ұқсайды. Өкінішке орай, гаймор қойнауының шырышты қабығының патологиялық өзгерісін үнемі қайтымсыз деген желеумен гайморотомия операциясын жаппай жасауды және шырышты қабығын түгелдей қарып алып тастауды, әлі де болса қолдайтын хирургтар жоқ емес. Эксперименттік және клиникалық зерттеулер нәтиже-періне сүйенетін болсақ, созылмалы одонтогенді гайморитте
- қойнаудың шырышты қабығының өзіндік регенерациялық қабілеті толық жойылмайтыны, қабыну процесінің ұзаққа созылуына қарамастан, түр сипаты едәуір өзгеріске енсе де, атқаратын қызметі сақталатыны дәлелденген.



Гаймор  
пазуха

- Созылмалы одонтогенді гайморит-тің емінде көзделетін негізгі мақ-саттар:
  -
- Ў гаймор қойнауына инфекцияның енуін тоқтату (одонтогенді гайморитті тудырушы себепші тісті жұлу);
- Ў гаймор қойнауының полипозды өзгеріске енген шырышты қабығын алып тастау, сау және өзгермеген шырышты қабығын қалдыру;
- Ў гаймор қойнауында жинақталған жалқық кедергісіз шығуын қамту. Ол үшін мұрын қуысының төменгі жолынан қойнаудың медиальды қа-бырғасын Куликов инесімен (сурет) тесіп (пункциялап), жасанда қатынас жасау (егер жұлынған «себепші» тіс ұяшығынан гаймор қойнауының түбі тесілмесе немесе жыланкөз болмаса);

□ жасалған жасанды тесік арқылы гаймор қойнауына жінішке полихлор-винильді тұтік енгізіп, жергілікті ем ретінде антибиотиктермен немесе антисептикалық ерітінділермен өндеп, инфекциямен күресізу. Осы ретте, гаймор қойнауында жинақталған жалқықтың шығуын қамту мақсатымен мұрынға шырышты қабығының қан тамырларын тарылтатын дәрі-дәрмектер тамызу қажет. Мұндай ем нәтиже бермесе, гайморотомия опе-рациясын жасап, патологиялық өзгерістегі (полипозды) шырышты қабығын қырып алып тастау қажет. Гаймор қойнауында жинақталған жалқық кедергісіз шығып тұру үшін, мұрын қуысының төменгі жолынан гаймор қойнауына ашылатын жасанды қатынас (тесік) жасалады. Гайморо-томия операциясы, әдетте жалпы наркозбен немесе премедикациямен қоса жергілікті өткізгіштік жансыз-дандыру әдістерімен орындалады.

□ **Операцияның орындалу реттілігі.** Клиникалық тәжірибеде гайморотомия операциялары арасында жиі Калдвелл-Люк әдісі орындалады. Ол үшін жоғарғы жақсүйектің өтпелі қатпары бойымен, екінші күрек тістен бірінші немесе екінші үлкен азу тістеріне дейін шырышты қабығы сүйекқабымен бірге тілінеді (143 сурет). Қырғышпен (распатор) гаймор қойнауының алдыңғы сүйек қабыр-ғасының беті ашылады. Содан кейін диаметрі кіші бұрғымен сүйір тіс ойығы тұсынан сүйек табақшасы дәңгелек пішінді етіліп, диаметрі орта шамамен  $1,5 \times 1,5$  см тесіледі (144 сурет). Тесіктер өзара біріктіріліп, босатылған сүйек табақша алынып тасталады. (Мишенъкин әдісі бойын-ша, сүйек табақша сүйекқабынан ажыратылмай бірге босатылады). Гаймор қойнауының алдыңғы қабыр-ғасын шапқымен немесе Г.Н. Марченко ұсынған арнайы цилиндрлі тескішпен (трепан) тесуге де болады (145 сурет). Егер гайморит жоғарғы жақсүйектің созылмалы остеомие-литінен дамитын болса, гайморотомия операциясымен бірге секвестрэк-томия операциясы Нейман-Заславский (1966) әдісі бойыншы тіндер трапеция тәрізді тілінеді (146 сурет). Одон-тогенді гайморитте патологиялық процесі негізінен гаймор қойнауының түбінде өтетіндіктен және операция барысында себепші тістің айнала-сындағы патологиялық тіндер (өлі сүйек тіндері - секвестрлер, тіс түбірінің сынықтары, грануляциялық тіндер немесе ұраның қабы) алынып тасталатындықтан, трапеция тәрізді тілік жасау тиімді.



